

УДК 340.128

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕГІ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қапанов Нұрсұлтан Сүндетұлы

muxametnur@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң факультетінің 4-курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Н.Д. Мырзатаев

“Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласы өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жаңа сатыларына көтеріліп келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шаралардың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев университеті мен зиякерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор», - деп атап көрсетіп, Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып отыр. [3, бет 4; 18]

Білім берудегі артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізеді. Сондықтан білім берудің дамуы үлкен ұлттық мәні бар міндет.

Бүгінгі күннің негізгі міндеті қазіргі зияткерлік (интеллектуалдық) талаптарға, әлемдік стандарттар мен еліміздің даму стратегиясына сай келетін бәсекеге лайықты мамандарды дайындау. Білім стандарты - білім беруде реформа жасау мен дамудың құралы.

Стандарттың қамтитын мәселелері: уақыт пен халық сұраныстарына сай білім берудің мазмұнын түбегейлі жаңарту; білім берудің практикалық бағыттылығы және оның нәтижелерінің өмірлік қажеттілігі; алған білім мен ептілікті тәжірибелік жұмысқа және күнделікті өмірде белсенді пайдалану. Білім стандартын педагогтар бір мақсатпен яғни, елдің білімдік мүдделерін, оның даму сұраныстарын қамтамасыз ету үшін жасайды. Қазақстан республикасының 2010-2020 жылдар аралығындағы білім берудің Мемлекеттік Бағдарламасында көрсетілгендей, еліміз бүгінде Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция, адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының Халықаралық Декларациясы, Болон Декларациясы және т.б. халықаралық құжаттардың негізгі қатысушысы болып табылады” [1, бет 4; 18].

“Бүгінгі таңда білім берудің ең өзекті мәселесі 12 жылдық оқу жүйесі болып табылады. Қазіргі кезде Еуропа кеңесінің (1992) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне дүниежүзінің 138 жуық мемлекеттері енген. Олардың ішіне дамыған елдерден АҚШ, Жапония, Германия, Франция және т. б. кіреді. ТМД елдерінен 12 жылдық орта білім беру мерзімін Өзбекстан, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Молдова таңдады. Қазақстан 12 жылдық білім кеңістігіне енді ғана еніп жатыр. Қазіргі кезде ҚР 107 мектебінде 12 жылдық білім беру үдерісі эксперимент түрінде жүргізілуде. Сонымен қатар 12 жылдық білім беруге көшу төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

- жаңа білім технологияларының енгізілуі;
 - оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі;
 - терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;
 - оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көп мәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі;
 - өмірлік бағдар ретінде адам бойындағы құндылықтарға қажет жағдайда түзету енгізу және жаңадан жасау;
 - білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.
- 12 жылдық мектепке ауысу бірқатар мәселелердің шешілуін талап етеді:
1. Бұл өзгерістің экономикалық негізделуі;
 2. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі (мемлекеттік стандарт, жаңа кітаптар);
 3. Жаңа жүйеге лайық мұғалімдер даярлау, мұғалімдерді қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
 4. Жалпы және орта білім беру мектебінде нормативті-құқықтық базаның жетілдірілуі;
 5. Санитарлық-гигиеналық нормалар және негізгі ережелеріне өзгерістер енгізу;
 6. Мектепке дейінгі, бастауыш, орта жалпы және жоғары бейіндік білім беруде сабақтастықтың болуы;
 7. Білім саласын елдің тарихи дәстүріне, мәдениетіне бейімдеу.

Демек, 12 жылдық білім берудің мақсаты қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, жаңа өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. [2]

Сонымен, дүние жүзінде орта, жалпы білім беру келесідей бағыттарда жүзеге асырылатындығы анықталды, олар:

1. Барлық балаларға, жастарға бірдей білім беру; білімнің ашықтығы, біліммен ақпарат алудың барлық азаматтарға мүмкін болуы.

2. Оқу бағдарламаларының оқушының жеке басының қызығушылығы мен талғамдарын ескеруге, дамытуға, олардың бойында жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ әр оқушының және қоғамның мүддесі мен қажеттіліктерін ескеруге, жеке тұлғаны жоғары сапамен оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға және жеке тұлғалық оқу үдерісін ұйымдастыруға бағдарлануы.

3. Оқушының отбасылық экономикалық-әлеуметтік жағдайына, жынысына, қоғамдық мәртебесіне, ұлтына, дініне қарамастан оның қабілетін барынша дамыту көзделген.

4. Жастардың күнделікті қоғам өмірінде болып отыратын өзгерістерге тез бейімделуіне жол сілтеу болып табылады.

5. Әрбір оқушыға сол социумға сәйкес тарихи қалыптасқан, ең тұрақты рухани, дүниетаным және мәдени құндылықтарының таратылуы және бекуі.

Жоғарыда аталған әлемдік әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 12 жылдық білім беруге көшу Қазақстан мектептерін:

1. Әлемдік деңгейге көтеруге жағдай жасайды.

2. Оқудың жылдық жүктемесі жеңілдейді.

3. Кәсіптік білім береді.

4. Жеке тұлғаны дамытуға одан әрі ықпал етеді.

Әр елдің білім беру және тәрбие саласында өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, кемшілігі де болады, осы себепті де біз Қазақстан Республикасындағы оқушыға білім беру мен тәрбиені жан-жақты дамыту мақсатында шетелдік 12 жылдық білім берудің тек оң және тиімді жақтарын алуымыз қажет.

Бүгінгі жалпы орта білімнің бағыты өркениетті елдерден қалмау, тегін, міндетті орта, үзіліссіз білім беру, мектептердің әр түрін енгізу.

Болашақта ұстаздар жаңа заманның оқушыларына тәлім – тәрбие беруде оқушылардың өмір тәжірибесіне сүйеніп, пәнаралық байланысты пайдаланып, тәлім – тәрбиені әр саладан, соның ішінде экономикалық білім мен тәрбие беруге болатыны белгілі.” [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметова Г. Білім сапасын арттырудың кепілін мұғалімнің рухани жан дүниесінен іздеу керек. // Алаш айнасы. Алматы: 5 сәуір 2012 .-4б.

http://www.rusnauka.com/6_PNI_2012/Pedagogica/2_102215.doc.htm

2. Жабелова Т.Е. Еуразиялық кеңістікте ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы мәселелері //Саясат-Policy № 5,2013.-18б.

http://www.rusnauka.com/6_PNI_2012/Pedagogica/2_102215.doc.htm

3. Бұзайбақова К.Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім», 2009. <http://www.aues.kz/article/facultet/fait/sd/3/2.pdf>

4. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. Оқулық. Алматы: «Заң әдебиеті», 2007 https://www.google.kz/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=1&cad=rja&uact=8&ved=0CBwQFjAA&url=http%3A%2F%2Fmassaget.kz%2Fuserdata%2Fusers%2Fuser_20%2F1410837917.docx&ei=Efb1VJf8GaTOygPf5YDIDA&usq=AFQjCNHR9UMI7-eC279yn5lzFogxMwnlYw&bvm=bv.87519884,d.bGQ